

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан  
тұрғындарына біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК)  
оңтайландыру» тақырыбындағы Ермаханова Жанар Акбаровнаның  
PhD докторлық диссертация жұмысына ғылыми кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

Ермаханова Жанар Акбаровнаның Оңтүстік Қазақстан(Түркістан) облысының еңбек ету жасынан асқан тұрғындарының арасында жиі кездесетін аурулардың түзілу заңдылықтарын зерттеуге және оның алдын алу технологиясын жетілдіру жолдарын шешуге арналған диссертациялық еңбегі қазіргі таңдағы қоғамдық денсаулықтың алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Докторант ғылыми жұмысында осы әлеуметтік топтағы тұрғындар арасында аурушаңдықтың деңгейі мен динамикасын бағалап, мүгедектік пен өлім-жітім көрсеткіштерін статистикалық талдау арқылы, еңбекке қабілетті жасынан асқан әлеуметтік топтың арасындағы өлім оқиғаларына алып келетін негізгі себеп болатын жүрек-қан айналым жүйесі ауруларының қатерлілік қуаты анықталып, жетік профилактикалық және емдеу шараларын қолдану арқылы, өмір сүру ұзақтығын арттыратын инновациялық әлеуметтік-гигиеналық, ұйымдастырушылық және медициналық – технологиялық шаралар жүйесі белгіленді. БМСК ұйымдарында жүрек-қан айналым жүйесі ауруларын ерте даму кезеңінен анықтауға, сапалы емдеуге және реабилитациялауға арналған технологияларды енгізу деңгейлері анықталды.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, әдеби шолудан, 5 тараудан, қорытындысы, тұжырымы, тәжірибелік ұсыныстары мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралған. Алынған ғылыми нәтижелердің өзара бір тұтастығы жоғары дәрежеде орындалған.

Диссертациялық ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелері бойынша ғылыми еңбектері Scopus халықаралық дерекқор қатарына кіретін шетелдік «Drug Invention Today», Electronic Journal of General Medicine» (England) атты ғылыми-тәжірибелік журналдарда, ҚР білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы аттестацияны бақылау комитеті рұқсат еткен басылымдарда жарық көрді. 7 тезис және 3 баяндама отандық және алыс шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында: оның 1-і алыс шетелде («International occupational and environmental diseases congress», 27-29<sup>th</sup> March, 2017 in Antalya)Түркия мемлекетінде баяндама жасалынды, жинақтарына енді. Сонымен қатар, қол жеткізген нәтижелерге негізделген, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың Мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 1 куәлік алынып, БМСК ұйымдарындағы жалпы тәжірибелі

дәрігерлердің, кардиолог мамандардың, интерн, резиденттердің тәжірибесінде қолдануға арналған «Егде және кәрі жастағы тұрғындардың жүрек-қан айналу жүйесі ауруларының біріншілік пен екіншілік профилактикасын жетілдіру және кардиологиялық қызметті қажетті қорлармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру» атты оқу құралы қолдануға ұсынылды.

Бұл зерттеу жұмысы «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндігін толық растаймын және осы жұмыстың авторы Ермаханова Жанар Акбаровна 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің  
Шымкент медицина институты  
Жоғарғы медициналық білімнен кейінгі  
білім беру факультетінің  
«Профилактикалық медицина  
және стоматологиялық пәндер»  
кафедрасының м.ғ.д., профессор  
«\_\_» \_\_\_\_ 2020ж.**



*Handwritten signature in blue ink.*

**М.Булешов**

**РАСТАЙМЫН:**

Қ.А.Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік

университеті

Шымкент медицина

институтының

Жоғарғы медициналық

білімнен кейінгі

білім беру факультетінің

«Профилактикалық медицина

және стоматологиялық пәндер»

кафедрасының

м.ғ.д., профессор

М.Булешов

«\_\_» \_\_\_\_ 2020ж.